

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№15 (128) ЖҰМА

2 мамыр 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



Мәңгілік алау - мәңгі өлместеріміз!



Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

Тұқымы бөлек - текті өскендерім,
Қиянатпенен кектескендерім.
Бозбала шақта бойжеткен емес,
Бейнетпен бірден беттескендерім.

Қыршыннан кетті қанша армандарың?
«Жеңіс» деп жұртқа жар салғандарым.

Рейхстаг үстінде Рахымжан болып,
«Дариға сол қыз» деп ән салғандарым.

Жастық шақтары тоналғандарым,
Қасіретпенен қол алғандарым.
Тамаша аяқпен елінен кетіп,
Ағаш аяқпен оралғандарым.

Қатары қазір сирегендерім,
Түссе де отқа күймегендерім.
Мәскеуді қорғап мүгедек болып,
Киевті қорғап күйрегендерім.

Жалынды жұтып, шоқ құсқандарым,
Бүгінде, рас, жоқ дұшпандарың.
Көз көрген үшін қол ұшын беріп,
Өзге елдер үшін оққа ұшқандарым.

Уралап алға ұмтылғандарым,
Қоғадай болып қырқылғандарым.

Асатов болып аспаннан шүйіліп,
Бұлқышев болып бұлқынғандарым!

Мәңгілік алау - мәңгі өлместерім,
Жауын құлатпай жан берместерім.
Берлинге дейін белдігін шешпей,
Керзі етікпенен қан кешкендерім.

Қайыспас қайсар қарт емендерім!
Сыйлайды қазақ халқы ерендерін.
Тарихқа мәңгі жазыласыңдар,
Қарт емендерім - мәртебем менің!

ҚҰРМЕТТІ СӨТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамызындағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай – ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» заңнамасына сәйкес Сіздерді Сәтбаев қаласының кейбір көшелерін қайта атау мәселесі жөнінде көпшілік тыңдауға қатысуға шақырамыз.

Көпшілік тыңдау 2025 жылғы 2 маусым күні сағат 11.00-де Наурыз көшесі 5, мекенжайында орналасқан №14 ЖББМ өтеді.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САТПАЕВ!

В соответствии с законодательством «Об утверждении Правил наименования административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований», утвержденным приказом Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года № 211 Приглашаем Вас принять участие в публичных слушаниях по вопросу переименования некоторых улиц города Сатпаев.

Публичные слушания состоятся 2 июня 2025 года в 11:00 часов в здании СШ № 14, расположенном по адресу: ул. Наурыз 5.



РЕДАКЦИЯДАН: Майданда қару мен қаламды қатар ұстаған қазақтардың арасында Баубек Бұлқышевтің шоқтығы биік болғаны мәлім. Өйткені, Баубектің өршіл рухты публицистикалық мақалалары кешегі Кеңес Одағы жастарының ғана емес, жалпы оқырмандардың арасында аса жоғары беделді басылым саналған «Комсомольская правда» газетінде дүркін – дүркін жарияланып тұрған. Оның «Я хочу жить», «Жизнь принадлежит нам», «Коварство и любовь», «Письмо сыну Востока», «Слушай, Кавказ!» деген мақалалары жауынгерлерді жігерлендіріп, қайратқа – қайрат, күшке күш қосып отырғаны туралы соғыстан кейінгі жылдары замандастарының естеліктерінде талай мәрте айтылды. Бұған Баубектің 1946 жылы Мәскеуде жарық көрген «Жизнь солдата» деген жинаққа бірнеше мақаласының енгізілуі де дәлел.

Өкінішке қарай, ол Жеңіс күнін көре алмады. Ол Мәскеуді қорғауға атсалысты, Украинаны азат етісті. Бірақ... 1944 жылдың бас кезінде майданда қаһармандықпен қаза тапты. Топырақ Украина жерінен бұйырды.

Баубек Бұлқышев Ұлытаудың ұланы еді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы тұсында Баубек тәрізді мақтанышымызды еске алмасақ бола ма? Сондықтан да, оның замандасы, Жезді кенішінде көп жылдар басшылық жасаған өндірістің ірі қайраткерлерінің бірі болған Әбдірахман Тоқтыбаевтың және Баубектің өмірден өткен ақырғы сәтінде қасында болған азамат Қанағат Ағыбаевтың естеліктерін ғаламтор арқылы тауып, газетке жариялауды жөн санадық. Өйткені, бұл бүгінгі ұрпақ үшін керек.

ЖАНЫП ТҰРҒАН ОТ ЕДІ

Мен Қарсақпай мыс заводында ашылған ФЗУ мектебіне алғаш 1930 жылы түсіп, 1932 жылы бітірдім.

Содан кейін сол ФЗУ-да оқытушылар қатарында қалдым. Біздің жұмыс тәртібіміз былай болды: шахтада істейтін оқытушыларға нұсқаушы (инструктор по горному делу) болып, 6 ай рудникте жұмыс басқарып, екінші жарты жылда — мектепте сабақ бердім (физика, математика).

Осы кезде конторщиктер группасында оқытын ұлытаулық балаға назарым түсті. Баубек өте пысық, жанып тұрған от еді. Сабаққа өте алғыр, елгезек, аға деп іші - бауырыңнан өтетін. Қоғам жұмысына өте белсенді. Қабырға газетін шығаруға көп көмектесетін. Арагидік өлең де жазатыны бар. Өте тіл алғыш еді. Керек болған кезде мұғалімдерді үйінен шақырып келетін.

1935 жылы комбинат мені Алматыға тау-кен институтына жібермек болды. Мен өзіммен бірге інім, қарындасымды ала кетпекші болдым. Олар ФЗУ-ды бітірген. Осыны естіп, Баубек те өзін ала кетуімді сұрады. Мен келістім.

Баубек асқан бауырмал еді. Мынадай бір оқиға әлі есімде: Баубек жетімдік жағдайын айтып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Қазақбаевқа жәрдем сұрап арыз беріпті. Сонда өзімнен қоса Ғабдоллаға да арыз бергізген. Сонымен екеуі 150 сомнан жәрдем алған. Міне, мұнан да оның бауырмалдығы көрініп тұр ғой.

«Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі!» дегендей Баубек шын мағынасында Ұлытаудың түлегі еді. Мұқан Иманжановпен жақын сияқты еді.

ФЗУ қабырғасында жүргенде Мұқан аудандық «Қызыл көнші» газетіне өлең жазып тұратын. Мысалы, сол кезде нан картчаксы жойылғанда «Нан көбейді, алақай» деген өлеңі әлі есімде.

Баубек пен Ғабдолла Алматыға келер жолда жәшік толы кітаптарды көтеріп жүрулеріне тура келді. Сондағы Баубектің шығарған сықақ өлеңі әлі есімде:

Арқада кітабымыз толған жәшік,
Келсін де сенбегендер көрсін ашып.
Оқуға шын тілекпен аттандық біз,
Қол созып ілгеріге аяқ басып.
Болсақ та әрі жетім, әрі нашар,
Қараймыз алдымызға көзді ашып.
Ықыласпен оқымақпыз алғы күнде,
Жүрсек те шаршап, шалғып, қарын ашып.

Айта кететін тағы бір жай. Алматыға жеткенше, көп қиындықтарға кездестік. Ол кезде темір жол билетін алу қандай қиын! Мен командировка қағазым бойынша екі-ақ билет алдым. Қалған екеуіне жалпы ширетпеде тұруға тура келді. Жолда Арыс станциясында 2-3 күн отырдық. Ақыры билет ала алмаған соң, Баубек пен Ғабдолла бізді вагонға кіргізді де, өздері шықпай қалып қойды (жататын орындары ең жоғарғы полка). Сөйтіп, итшілеп Алматыға жеттік.

Сонда Баубектің жол үстінде бір де мұңайып, ренжігенін көрмедім. Алматыға жеткесін үшеуі де техникумға түсті. Содан кейін маған келіп-кетіп жүрді.

Сабақты өте жақсы оқыды. Күндіз оқу оқып, кешке вагон тиейтін жағдай оқышылардың қайсысының болса да бастарынан өткен.

Әбдірахман ТОҚТЫБАЕВ,
Республикалық дәрежедегі
дербес пенсионер.
1977 жыл.



БАУБЕК ОСЫЛАЙША ҚАЗА БОЛДЫ

Мен 1924 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Егіндібұлақ селосында туып өстім. Қызыл әскер қатарына 1942 жылы сентябрь айында Жарма аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылдым.

Баубекті 1943 жылы көрдім. Бір шаруамен кетіп бара жатыр едім, алдымнан қазаққа ұқсас бір аға лейтенант кездесті. Ол кісіге әскер тәртібімен сәлемдесіп өтіп кеттім. Барған жұмысымды бітіріп қайтып келе жатқанда әлгі кісі тағы кездесті. Ол мені тоқтатып: «Қазақсың ба?» — деп сұрады, мен: «Қазақпын», — деп жауап бердім, ол менің қай жерлік екенімді сұрады. Мен толық жауап бергеннен кейін ол осы полктың саперлер взводының командирі екенін айтты және уақытым болса, келіп тұруымды сұрап, орналасқан жерін көрсетті. Мен сол кеште - ақ бардым.

Екеуміз екі сағаттай әңгімелестік. Баубек өзінің жалғыз екенін, бір жақын ағасы соғыста қаза тапқанын, жора-жолдастарынан хат алып тұратынын айтты. Содан кейін Баубек «Социалистік Қазақстан» газетін алатынын айтып, маған «оқы, Қазақстан жаңалығымен таныс» деп бірнеше номерін берді. Міне, осыдан бастап Баубекпен бірге туысқандай болып кеттім. Бос уақыт болса Баубек екеуміз ылғи бірге болатынбыз. Баубек маған неміс картасынан жасалған екі қалың

дәптерді көрсетіп, өзінің газеттерге мақала, өлең жазуымен бірге «Алтын сағат» және «Капитан Водопригора» деген әңгіме жазып жүргенін айтатын.

Біздің әскер Кривой Рог қаласын алуға дайындалып жатқанда, жау миңасын тазартып жүріп, қапылыста мина жарылып Қаратаев, Каплевский, Баубек үшеуі мерт болады. Баубектің мерт болғанын естіп, Махровтың көмегімен майдан даласынан алып шығып, Днепропетровск облысы, Софиев ауданы, Ново-Юльевка селосына ез қолымнан жерледім, қасында Қаратаев, Каплевскийлер бар. Баубектің басына «Баубек Бұлқышев» деп, туған жылы мен мерт болған жылы, күнін тақтайға ойып жаздым. Менің қолымнан келгені осы ғана болды.

Баубек кішіпейіл, бауырмал еді. Баубекті осындай азаматтығы үшін солдаттар қатты сыйлайтын. Және штаб офицерлеріне өте беделді еді. Баубек жас кетті. Сол соғыстың қиын-қыстау уақытында өте мәдениетті, таза жүретін және осыны өз қарамағындағы солдаттардан талап ететін.

Қанағат АҒЫБАЕВ
1972 жыл.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ЕЛІНЕ – ҚОРҒАН, ҰРПАҒЫНА – МАҚТАН

Ол соғысты әскерде жүріп қарсы алды. Отан алдындағы әскери борышын өтеп жүрген еді. Соғыстың суық ызғары сезіліп те тұратын. Еуропаның кейбір елдерін Германияның жаулап алып жатқаны, Кеңес елінің шекарасына жақындай түскені жауынгерлер арасында алаңдаушылық тудырмай қоймайтын. Бірақ, екі елдің арасындағы Келісімге қол қойылғанын естігенде, иықтарынан ауыр жүк түскендей бір жеңілдеп қалып еді. Ама! не, Гитлер сұм алдап соқты. 1941-дің 22-маусымында соғыс өрті бұрқ ете қалды. Әбілхамит Жүнісов те мыңдаған, миллиондаған көппен бірге Отан қорғау сапынан табылды.



Қазір Әбекең арамызда жоқ. Оның өмірден озғанына да отыз жылға тақап қалды. Бірақ, өзі өмірден өткенмен, соңында ізі қалды. Ең бастысы, ол соңына бейбіт те ашық аспан қалдырып кеткен ұрпақтың өкілі еді. Сонысымен де асқақ, сонысымен де қадірлі, сонысымен де Мәңгілік құрмет иесі. Ол соғыс уақытында еліне - қорған болса, бүгінгі һәм ертеңгі ұрпағына - мақтан.

Ауыл баласы шаруаға мығым келеді. Әбілхамит та солай өсті, ерте жетілді, еңбекке де ертерек араласты. Колхоздың сан салалы шаруасының белортасында жүрді. Әскерде де тындырымды жауынгерлердің бірі болды. - Әкеміз соғыс тақырыбын қозғауға құлықсыздық танытатын, көп айта бермейтін. Кейін байқасам, бұл жалпы майдан даласынан оралғандардың көпшілігіне тән қасиет екен. «Соғыс деген – алапат тажал. Адамның айуанға айналғанын көзіміз көрді. Енді қайтып соғыс болмасын, сендер де, сендерден кейінгілер де ондай пәлекетті ешқашан көрмесін» деп отыратын - деп еске алады әкесі туралы ұл-қыздарының бірі Гүлнаш Әбілхамитқызы.

Ұлы Жеңістен соң тағы да бір жыл әскер қатарында болып, Әбілхамит Жүнісов елге 1946 жылы ғана оралды. Бейбіт өмірге не жетсін?! Өмірлік жары Дәрікүлді жолықтырды. Екеуі де қарапайым еңбек адамы болды. Құдайдың берген ұл-қызын өсіріп, жетілдірді.

- Біз алты ағайындымыз. Екі ұл, төрт қыз. Әке-шешеміз тәрзіді біз де адалдықтан аттамай, нанымизды адалынан жегенді бәрінен артық санадық. Әке-шешеміздің тәлім-тәрбиесі солай болды – деген Гүлнаштан бауырлары туралы кеңірек айтуын өтіндік. Сөйтсек...

Үйдің үлкені, өкінішке қарап, қазір қайтыс болып кеткен Сағынай – жүргізуші болса, Баһарайым – әртүрлі салада, Зүһрайым – кітапханашы, ал, Гүлнаштың өзі дәрігер болып еңбек еткен екен. Ал, Сақтаған мен Гүлбадан кеншілік жолды қалапты. Неге? Өйткені, Әбекең 1967 жылдан бастап 1988 жылға шейін кен өндірісінде тер төгіп, содан еңбек демалысына шыққан болатын. Кен өндірісінде жүріп «Еңбек ардагері» атанды. Ол өзін «кеншімін» деп атайтын. Қара шаңырақ Қарсақбайдың тумасына бұл сөз жарасып та тұратын. Ал, бұлардан өрбіген ұрпақ қаншама? Олар қазір еліміздің әр қиырында өздеріне лайықты санаған кәсіптерін дөңгелетіп жүр. Осының бәрі ненің арқасы? Әрине, осыдан 80 жыл бұрын Жалауы желбіреген Ұлы Жеңістің! Сол Жеңісті жақындатқандардың бірі – Әбілхамит Жүнісов болатын. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!» деп, ұлы Абай айтқандай, Әбекеңдерді де өлді деуге болмайды. Өйткені, олардың ерлік жолдары ешқашан жоғалмайды. Сол ерліктің айғақтары іспетті «II- дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Георгий Жуков» және т.б. медальдарын ұрпақтары әкелерінің көзіндей көріп қастерлеп, сақтап отыр.

Уақыт қанша алға жылжығанмен, әкелердің ерлік істері әрқашан ұрпақ жадынан ұмыт болмақ емес. Кейінгілерге бейбіт күнді сыйлап кеткендердің бірі Әбілхамит Жүнісов екені, оның өз ұрпақтарына мақтаныш болса, сондай ерлердің рухын құрметтеу баршамыздың міндетіміз болып қала беретіні анық.

Абдолла ДАСТАНОВ.
Сәтбаев қаласы.



Маусымның ортасы ауа соғыс басталысымен Отан қорғау қажеттігін түсінген Құрмаш қарашада отарбаға отырды. Бағыт – Батыс. «Қырық жыл қырғын болса да ажалы жеткен ғана өледі» демекші, ол өлімнен қорыққан жоқ. Бүгін Батыста ойран салып жатқан зұлым жаудың ертең сайын даланың төсіне, Сарыарқаның төріне жетіп келмесіне кім кепіл?! Ол содан ғана қорықты. Майданға сұранғаны да сондықтан. Жаудың бетін келген жерінде қайтаруды армандады.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Соғыстың аты – соғыс. Тіпті, елге хат – хабар жіберуге де мүмкіндік болмай қалады. Сталинград қаласын қорғауға келгенін бір хабарлап хат жіберіп еді, содан соң қолға қалам алудың да еш реті келмеді. Арасы әжептәуір үзіліп қалса керек. Бір күні өзіне елден, Қарсақбайдан хат келіпті. Алып қараса ағасы Ахметтен келген екен. Өлеңдетіп жазыпты. Сол хатты үнемі қалтасына салып сақтап жүрді. Кейін елге оралғанда өзімен бірге ала келді.

«Мекенің сенің Арқаға біткен тау еді, Сапарға сені шығарған еліме төнген жау еді. Дұшпаннан қатер болды ма, білмейміз енді о жағын, Денсаулығың қарағым, кеткенінде сау еді.

Әуеден ұшар сары құс,
Өткен күннің бәрі - түс.
Соңғы келген хатында
Сталинград депті адрес.

Артында қалған туыстан
Тірі деп ия тілек жоқ,
Өлі деп ия дұға жоқ.
Хабарсыз кеткен сендердей,
Әрбір үйде жалғыз көп.

Шабады жүйрік жосылған,
Ақбөкен желдей осылған.
Бір күн жылап жас төгер,
Болған жоқ жарың қосылған.

Жездінің бойын бойлап жат,
Жағалай бие байлап жат.
Тірі жүрсен қарағым,
Ел – жұртыңды ойлап жат» деп жазылған екен хатта.

- Сол хатты алғанда көңілім кәдімгідей босады. Елім, жерім көлбең – көлбең етіп көз алдыма келе қалды – деп отыратын еді Құрекең майдан күндерін есіне алғанда.

Жүрегінің тұсынан жанай тиген оқтың кесірінен сол қолынан мүгедек болып қалды. Алты ай госпитальда жатты. Ақыры, елге қайтарды. Келісімен бейбіт еңбекке араласты. Басшылар обалы нешік, қолының кемістігіне қарап жеңілдеу жұмыс берген еді. Келіншегі Үміткердің де қолында кінараты бар еді, ол да ауыр жұмысқа жарай қоймайтын. Сосын «Тәуекел» деді де, Қарсақбайдың мыс зауытына, теміржолға жұмысқа тұрды. Бұл - 1964 жыл болатын. Міне, қызық! Мұндай да болады екен – ау, бірте – бірте денсаулығы түзеліп, қолының мүкістігі мүлдем байқалмайтындай жағдайға жетті. «Еңбек адамды шыңдайды» деген осы екен ғой!» деп күліп отыратын еді – дейді әкесін есіне алған ұлдарының бірі Ибраһимғабидолла.

Үміткер ана 13 құрсақ көтерді. «Батыр Ана» атанды. Ұл-қыздары аттарына кір келтірмеді, өмірден өз орындарын тапты. Бәрі де қарапайым еңбек адамдары болды, басым көпшілігі кен орындарында еңбек етуді ұйғарды. Өткенде бір есептеп қараса, Құрмаш Әлкеевтің



Құрмаш Әлкеев



Қ. Әлкеев ағаларымен бірге

әулетінің жалпы еңбек өтілі 500 жылға тақаған екен. Керемет емес пе? Егер, әкелері майданнан оралмай қалғанда ше?

-Бұл да Құдайдың берген бақыты ғой. Әкеміз жаудан елді қорғаудан жасқанған жоқ. Адал тер төкті. Бізге жақсы жол көрсетіп кетті. Сондықтан, әкеміздің есімін қастерлеп, рухына адалдықтан айнымауды міндетімізге балаймыз – дейді Ібекең. Ибраһимғабидолланың өзі де сөзін іспен көрсетіп жүрген азамат. Ол - «Германиядағы кеңес әскерінің тобы мен Варшава Шарты әскерінің тобы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ұлытау облысы филиалының белді мүшесі. Сәтбаев қаласындағы қоғамдық – саяси, мәдени – көпшілік жұмыстардың бел ортасынан И. Әлкеевті жиі көруге болады. Міне, нағыз әке жолын жалғастыру деген осындай болса керек!

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деп ақын жырлағандай соғыс өртінің сөніп, Жеңіс жалауы желбірегелі 80 жыл толды. Бейбітшілік пен тыныштыққа ештеңе де жетпейді. «Бірда бар, бірде жоқ болып жүрсен де, егер аспаның ашық болып тұрса, содан асқан қыт жоқ» дейтін еді әкесі. Ибраһимғабидолла да қазір жүрген жерінде үнемі осылай дейді. Өйткені, соғыста от кешкен әкенің қалдырып кеткен өсиеті ғой бұл!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

*** 2025-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН Жезқазған қаласының АЗАМАТТЫҚ БЮДЖЕТІ (нақтылау)**

*** Құрметті Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімінің ресми сайтына кірушілер**

Сіздердің назарларыңызға қалалық бюджеттің негізгі көрсеткіштері, оның қалыптасу параметрлері және бюджеттік қаражаттардың жұмсалуды жайында ақпарат беретін, 2025-2027 жылдарға арналған Жезқазған қаласының азаматтық бюджеті ұсынылып отыр.

Құжат келесі бөлімдерден тұрады:

- Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері;
- Жезқазған қаласы бюджетінің түсімдері мен шығыстары.

2025-2027 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы XXVIII сессиясының №28/161 шешімімен бекітілген. «2025-2027 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы XXVIII сессиясының №28/161 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жезқазған қалалық мәслихатының 2025 жылғы 4 наурызындағы XXX сессиясының №30/173 шешімі.

*** 2025-2027 жылдарға арналған қалалық бюджеттің түсімдер құрылымы**

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	млн.теңге	
				Болжам	
				2026жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6
ТҮСІМДЕР - барлығы	44004,4	38450	43316	37630	30946
оның ішінде:					
Салықтық түсімдер	23960	26801	28779	28372	29459
Салықтық емес түсімдер	164	88	239	239	563
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	623	437	674	924	924
Трансферттер және кредиттердің түсімдері, оның ішінде:	16707	11124	13624	8095	-
субвенция					
Ағымдағы нысаналы трансферттер	403,2	2482	2224	-	-
Дамуға арналған нысаналы трансферттер	16282,8	8642	11400	8095	-
бюджеттік кредиттер	21	22	23,6	-	-
Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	-	-	-	-	-
Бюджеттік кредиттерді өтеу	2,4	2,9	105,3	-	-
Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2548	6711	6023	-	-

*** Қалалық бюджет шығыстары**

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	млн. теңге	
				2026 жыл	
				2027 жыл	
1	2	3	4	5	6
Шығыстар - барлығы	51329	54388	49468	37630	30946
оның ішінде:					
Шығындар	50705	53073	46387	35948	30733
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	835	875	754	646	650
Қорғаныс	52	47	99	50	51
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және т.б.	357	77	162	106	106
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1618	1633	1946	1624	1629
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	25787	22354	19977	17526	9770
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1269	2431	1571	1153	1157
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	3044	1063	1306	0	0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және т.б.	48	7	29	14	14
Өнеркәсіп, сәулет қызметі және т.б.	516	4976	367	71	72
Көлік және коммуникация	3930	6188	5576	2992	3995
Басқалар	1794	2083	3146	658	731
Трансферттер	11455	11339	11454	11108	12558
Бюджеттік кредиттер	21	22	24	-	-
Қарыздарды өтеу	603	1293	3057	1682	213



Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды іске асыруға шығыстар

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	млн. теңге	
				2026 жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары, барлығы	1618	1633	1946	1624	1628
оның ішінде:					
Әлеуметтік қамсыздандыру	1369	1409	1517	1371	1375
Әлеуметтік көмек	138	90	246	139	139
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	111	134	183	114	114

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды іске асыруға шығыстар

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	млн. теңге	
				2026 жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығыстары, барлығы	1269	2431	1571	1153	1157
оның ішінде:					
Мәдениет саласындағы қызмет	279	283	317	320	320
Спорт шығыстары	320	1471	315	229	229
Ақпараттық кеңістік	307	285	379	340	342
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	363	392	560	264	266

Көлік және коммуникацияны қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды іске асыруға шығыстар

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	млн. теңге	
				2026 жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6
Көлік және коммуникацияның шығыстары, барлығы	3934	6193	5576	2992	3995
оның ішінде:					
Автомобиль көлігі	2888	4508	4737	2454	3457
Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	1046	1685	839	538	538



Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды іске асыруға шығыстар

млн. теңге

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының шығыстары, барлығы	25854	22473	19977	17526	9770
оның ішінде:					
Тұрғын үй шаруашылығы	6601	12000	7620	2506	1966
Коммуналдық шаруашылық	13910	6519	9480	11276	3382
Елді-мекендерді көркейту	5343	3954	2877	3744	4422

* Дамуға арналған қалалық бюджет шығыстары

млн.теңге

Атауы	2024 жыл	Ескерту
1	3	4
Шығыстар - барлығы	1264,0	
Оның ішінде:		
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	1264,0	300млн.теңге - Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алашахан көшесі, 34С мекенжайлары бойынша орналасқан 90 пәтерлі көп қабатты тұрғын үйлер салу (абаттандырусыз); 117,8 млн.теңге - Жезқазған қаласы, Батыс тұрғын ауданы, Алашахан даңғылы бойындағы көппәтерлі тұрғын үй құрылысы, 34 з жер учаскесі (сыртқы инженерлік желілерсіз); -500млн.теңге - Жезқазған қаласының шаруашылық - ауыз су тазарту құрылыстарын қайта жаңарту, 2-кезек; -500млн.теңге - Жезқазған қаласының шаруашылық - ауыз су тазарту құрылыстарын қайта жаңарту, 3-кезек; 1500млн.теңге - Жезқазған қаласындағы жылу желілерін қайта жаңарту және жаңғырту 2-кезек; 299,4млн.теңге -Жезқазған қаласындағы қалаішілік су құбыры желілерін қайта жаңарту, 2-кезек; 46,8млн.теңге -Жезқазған қаласының 5 шағын ауданының кәріз желілерін қайта жаңарту.

* Ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне қаржылық қолдау (мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

Атауы	Әлеуметтік қолдау шаралары									
	100 АЕК дейін көтерме жәрдемақы					2000 АЕК дейін бюджеттік кредиттер				
	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	2024 жыл		2025 жыл		
	Маман саны	Сомасы мың теңге	Маман саны	Сомасы мың теңге	Маман саны	Сомасы мың теңге	Маман саны	Сомасы мың теңге	Маман саны	Сомасы мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жезқазған қаласы	5	1725	5	1846	5	1966	1	7384	3	23592

АУЫЛ МАМАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

Сенбі сайынғы жәрмеңке өткізу дәстүрге енгелі қаш-шан?! Дегенмен, жұртшылықтың көбісінің «ауылдың шаруалары өнімдерін өздері әкеліп, солардың өз қолдарынан сатып алсақ екен» деген ойда жүретіні де рас. Өйткені, арадағы делдалдар жәрмеңкенің өзінде бағаны көтеріп жіберіп, көңілді қалдыратыны да бар.

«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Басты мақсат білікті мамандарды ауылға жұмыс істеуге және тұруға тарту болып табылады.

Әлеуметтік қолдау келесі түрде ұсынылады:

- 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (2025 жылы 393,2 мың теңге) көтерме жәрдемақы;

- 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй сатып алу немесе салуға 15 жыл мерзімге жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесі бойынша бюджеттік кредит (2025 жылы – 7 864,0 мың теңге).

Жоба қатысушына әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде қойылатын негізгі талап Жезқазған қаласы бойынша Сарыкөңгір ауылдық округінде (Малшыбай ауылы), Кеңгір ауылдық округінде (Кеңгір ауылы), Талап ауылдық округінде (Талап ауылы) орналасқан денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен ұйымдарында, әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдау болып табылады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Баспана Маркет жылжымайтын мүлік порталында тіркеуді жүзеге асырады otbasybank.kz/programm-bank (бұдан әрі – Портал) электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі-ЭЦҚ) көмегімен немесе бір реттік парольмен куәландырылған және көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) көтерме жәрдемақы алған кезде:
 - белгіленген нысан бойынша өтініш;
 - жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білім туралы диплом немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алған кезде:

- белгіленген нысан бойынша өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- білім туралы диплом немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік немесе некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- Кредиттік бюродан есеп;

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық көшірмелері (сканерленген) қоса беріледі, олар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен немесе куәландырылған бір реттік парольмен куәландырылады.

Әлеуметтік қолдау шаралары:

бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ, сондай-ақ соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам кешіктіру болмаған мамандарға (қызмет алушыларға) ұсынылады.

өтініш беру кезінде сұранысқа ие мамандықтар тізбесіне сәйкес мамандықтар бойынша;

өтініш берген күнінен бастап соңғы екі жылда келген маман жұмыс істейтін елді мекен қарайтын ауданда (облыстық маңызы бар қалада) маманның, оның жұбайының және балаларының тұрғын үйі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 6 (алты) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша туындаған барлық сұрақтар бойынша:

Анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: қысқа нөмірі 300 немесе Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер алаңы, 39А, каб.312,41-07-95 телефоны бойынша «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-не хабарласуға болады.

ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ МЕР СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ СПЕЦИАЛИСТАМ СЕЛ

В рамках проекта «С дипломом в село» ГУ «Отдел экономики и финансов города Жезказгана» оказывает государственную услугу «Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты».

Основной целью является привлечение квалифицированных специалистов к работе и проживанию в селе.

Социальная поддержка предоставляется в виде:

- подъемного пособия в размере 100-кратного МРП (в 2025 г. составляет 393,2 тыс.тенге);
- и бюджетного кредита на приобретение или строительство жилья в размере 2000-кратного МРП под 0,01% годовых сроком на 15 лет (в 2025 г. – 7 864,0 тыс.тенге).

Основным требованием для участника проекта при получении мер социальной поддержки является принятие обязательств не

менее трех лет отработать в организациях здравоохранения, образования, социально-го обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратов акимов, расположенной в сельских округах Сарыкенгирский (село Малшыбай), Талапский (село Талап), Кенгирский (село Кенгир).

Для получения мер социальной поддержки услугополучатель осуществляет регистрацию на Портале недвижимости Баспана Маркет otbasybank.kz/programm-bank (далее – Портал) с помощью электронной цифровой подписи (далее – ЭЦП) или удостоверенным одноразовым паролем и предоставляет услугодателя через Портал следующие документы:

- 1) при получении подъемного пособия:
 - заявление по установленной форме;
 - документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
 - диплом об образовании либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
 - копия документа, подтверждающего трудовую деятельность услугополучателя;
- 2) при получении бюджетного креди-

та на приобретение или строительство жилья:

- заявление по установленной форме;
 - документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
 - диплом об образовании либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
 - копия документа, подтверждающего трудовую деятельность услугополучателя;
 - свидетельство о заключении брака (супружества) либо электронный документ из сервиса цифровых документов для услугополучателя, состоящих в браке (для идентификации);
 - отчет из Кредитного бюро;
 - Допускается подача заявления на получение подъемного пособия и бюджетного кредита на приобретение или строительства жилья одновременно.
- При обращении через Портал к заявлению прикрепляются электронные копии (сканированные) указанных документов (за исключением документов получаемых из соответствующих информационных систем), которые заверяются ЭЦП услугополучателя или удостоверенным одноразовым паролем.

Меры социальной поддержки предоставляются специалистам (услугополучателям): не имеющим непогашенную просроченную задолженность по ранее выданному кредиту, а также при отсутствии просрочки за последние 2 (два) года более 90 (девятисто) календарных дней;

по специальности, соответствующим перечню востребованных специальностей на момент подачи заявления;

не имеющим жилья за последние два года со дня подачи заявления у специалиста, его (ее) супруги(а) и детей в районе (города областного значения), к которому относится населенный пункт, где работает прибывший специалист.

Срок оказания государственной услуги - 6 (шесть) рабочих дней.

Государственная услуга оказывается бесплатно.

По всем возникшим вопросам по государственной услуге можно обратиться:

Контактные телефоны справочных: короткий номер 300 или в ГУ «Отдел экономики и финансов г.Жезказгана», по адресу: г.Жезказган, площадь Ғарышкерлер, 39А, каб.312, по телефону 41-07-95.

ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің 2025 жылдың 24 сәуірдегі №49-НҚ бұйрығының негізінде «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС реттелетін қызметтеріне 2025 жылғы 01 мамырдан бастап қолданысқа енгізе отырып келесі тарифтер бекітілді:

1. Жылу энергиясын беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметіне

Уәкілетті органмен бекітілген	өлшем бірлік	Уәкілетті органмен бекітілген			
		2025 жыл 1 мамырдан бастап	Іске асыру 01.12.2025 ж. бастап - 3-ші жыл	Іске асыру 01.12.2026 ж. бастап - 4-ші жыл	Іске асыру 01.12.2027 ж. бастап - 5-ші жыл
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/ Гкал	6 886,14	7 230,35	7 573,96	7 942,81
оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер					
жеке тұлғалар үшін		4 682,58	4 916,64	5 377,51	5 957,11
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 272-1, 272-2-тармақтарына сәйкес жалпы алаңның мөлшерін ескере отырып, жылу энергиясын тұтынудың әлеуметтік лимиттері					
халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 100 м² дейін		4 682,58	4 916,64	5 377,51	5 957,11
халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 100-ден 200 м²-ге дейін		5 150,84	5 408,30	5 915,26	6 552,82
халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын ауданы 200 м² астам		6 886,14	7 230,35	7 573,96	7 942,81
басқа тұтынушылар үшін		8 889,92	9 334,62	10 132,32	10 254,30
бюджеттік ұйымдар үшін		35 884,35	37 677,37	35 383,70	33 087,00

2. Суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне

Уәкілетті органмен бекітілген	өлшем бірлік	Уәкілетті органмен бекітілген			
		2025 жыл 1 ма-мырдан бастап	Іске асыру 01.12.2025 ж. бастап - 3-ші жыл	Іске асыру 01.12.2026 ж. бастап - 4-ші жыл	Іске асыру 01.12.2027 ж. бастап - 5-ші жыл
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/ м³	146,26	181,13	188,56	194,62
оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер					
жеке тұлғалар, оның ішінде тұтынушылардың санаттары бойынша, тұтыну көлеміне қарай		109,74	146,13	152,73	175,16
1 топ - 1 адамға айына 3 м³-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар		109,74	146,13	152,73	175,16
2 топ - 1 адамға айына 3-тен 5 м³-ке дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық сана-тына жататын жеке тұлғалар		131,69	175,36	183,28	210,19
3 топ - 1 адамға айына 5-тен 10 м³-қа дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық сана-тына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) қоректендіру көлемі шегінде, жылу энергия-сын өндірумен айналысатын ұйымдар және бекітілген норма-тивтік техникалық шығындар мен ұйымдар көлемінің шегінде жылу энергиясын бөлу, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатындар»		164,61	219,20	229,10	262,74
4 топ - 1 адамға айына 10 м³ жоғары реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар		219,48	292,27	305,46	350,32
басқа тұтынушылар үшін		147,21	181,13	188,56	194,62
бюджеттік ұйымдар үшін		1213,85	1210,23	919,06	591,46

3. Сарқынды суды бұру және тазалау қызметіне

Уәкілетті органмен бекітілген	өлшем бірлік	Уәкілетті органмен бекітілген			
		2025 жыл 1 мамырдан бастап	Іске асыру 01.12.2025 ж. бастап - 3-ші жыл	Іске асыру 01.12.2026 ж. бастап - 4-ші жыл	Іске асыру 01.12.2027 ж. бастап - 5-ші жыл
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/ м³	131,66	143,97	146,84	149,32
оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер					
жеке тұлғалар үшін		88,30	102,22	118,94	134,39
басқа тұтынушылар үшін		236,94	223,03	200,73	149,32
бюджеттік ұйымдар үшін		847,68	887,26	641,03	483,51

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әкімшілігі

ВНИМАНИЮ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ!

В соответствии с приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Ұлытау №49-ОД от 24.04.2025 года утверждены тарифы на регулируемые услуги ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» с введением в действие с 01 мая 2025 года:

1. На услуги передачи, распределения и снабжения тепловой энергией

Утверждено уполномоченным органом	ед изм	Утверждено уполномоченным органом			
		с 1 мая 2025 года	с 01.12.2025 г.- 3-й год реализа-ции	с 01.12.2026 г.- 4-й год реализа-ции	с 01.12.2027 г. - 5-й год реализа-ции
Тариф (без налога на добавленную стоимость)	тенге/ Гкал	6 886,14	7 230,35	7 573,96	7 942,81
в том числе дифференцированные тарифы по группам потребителей					
физические лица (население)		4 682,58	4 916,64	5 377,51	5 957,11
социальные лимиты потребления тепловой энергии с учетом размера общей площади, в соответствии с пунктами 272-1, 272-2 Правил формирования тарифов, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года №90					
физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь до 100 м²		4 682,58	4 916,64	5 377,51	5 957,11
физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 100 до 200 м²		5 150,84	5 408,30	5 915,26	6 552,82
физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 200 м²		6 886,14	7 230,35	7 573,96	7 942,81
прочие потребители		8 889,92	9 334,62	10 132,32	10 254,30
организации, содержащиеся за счет бюджетных средств		35 884,35	37 677,37	35 383,70	33 087,00

2. На услуги подачи воды по распределительным сетям

Утверждено уполномоченным органом	ед изм	Утверждено уполномоченным органом			
		с 01 мая 2025 года	с 01.12.2025 г.- 3-й год реализации	с 01.12.2026 г.- 4-й год реализации	с 01.12.2027 г. – 5-й год реализа-ции
Тариф (без налога на добавленную стоимость)	тенге/ м³	146,26	181,13	188,56	194,62
в том числе дифференцированные тарифы по группам потребителей					
физические лица (население) в том числе по категориям потребителей, в зависимости от объема потребления		109,74	146,13	152,73	175,16
1 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения потребляющие регулируемые услуги до 3 в месяц на 1 человека		109,74	146,13	152,73	175,16
2 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения потребляющие регулируемые услуги от 3 до 5 в месяц на 1 человека		131,69	175,36	183,28	210,19
3 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения потребляющие регулируемые услуги от 5 до 10 в месяц на 1 человека, организации, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объемов потребления воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемов подпитки при предоставлении услуг горячего водоснабжения (при открытой системе горячего водоснабжения), организации, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объемов утвержденных нормативных технических потерь и организации, предоставляющие регулируемые услуги в сфере водоснабжения и (или) водоотведения»		164,61	219,20	229,10	262,74
4 подгруппа - физические лица, относящиеся к категории населения потребляющие регулируемые услуги свыше 10 м³ в месяц на 1 человека и физические лица, не имеющие индивидуальные приборы учета воды		219,48	292,27	305,46	350,32
прочие потребители		147,21	181,13	188,56	194,62
организации, содержащиеся за счет бюджетных средств		1213,85	1210,23	919,06	591,46

3. На услуги отвода и очистки сточных вод

Утверждено уполномоченным органом	ед изм	Утверждено уполномоченным органом			
		с 01 мая 2025 года	с 01.12.2025 г.- 3-й год реализа-ции	с 01.12.2026 г.- 4-й год реализа-ции	с 01.12.2027 г. – 5-й год реализации
Тариф (без налога на добавленную стоимость)	тенге/ м³	131,66	143,97	146,84	149,32
в том числе дифференцированные тарифы по группам потребителей					
физические лица (население)		88,30	102,22	118,94	134,39
прочие потребители		236,94	223,03	200,73	149,32
организации, содержащиеся за счет бюджетных средств		847,68	887,26	641,03	483,51

Администрация ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения».



РЫБЫ, на предстоящей неделе ваша интуиция станет ключевым инструментом для принятия решений. Обратите внимание на сновидения или числа ангелов — они могут указать путь к решению сложной профессиональной или личной задачи. В среду сосредоточьтесь на рабочих проектах: тщательность в деталях укрепит вашу репутацию, но невнимательность может привести к ошибкам.

Кто-нибудь может объяснить, почему в России продолжительность жизни мужчин на 10 лет меньше, чем у женщин, но пенсионный возраст, при этом, на пять лет выше? А главное, почему феминистки не борются за равенство полов в этой области?

«АРДАГЕР АЛҒАН АСУЛАР»

Ұлытау облыстық тарихи-археологиялық музейінде соғыс және еңбек ардагері, қоғам қайраткері Қалкен Мәкенбаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты «Ардагер алған асулар» атты көрме өтті.



Ой-зердесі терең, көргені мен түйгені көп, көшелі қарияларымыздың бірі болған Қалкен ақсақал қай қырынан алып қарасаңыз да өнегелі әңгімеге өзек боларлықтай тұғырлы тұлға еді. Ақсақалдың тарих шежіресін тереңнен қозғайтын шешендігі, қоғам қозғалысының көшбасынан табылатын көсемдігі, оқ пен оттың ортасында шыңдалған майдангерлік жолы талай сырға қанықтырары анық. Ардагердің өмір жолдарын өрнектеген көрме материалдары мен дөңгелек үстел басындағы еске алу кезінде айтылған естеліктер сырға толы терең әңгіменің тінін одан әрі тарқата түскендей.

Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғазиз Ештанаевтың баяндамасында

Қалкен Мәкенбайұлының өнегелі өмірі жан –жақты қамтылды.

Ұлы Отан соғысы басталған жылы Қалкен 17 жаста екен. Ташкенттегі әскери пулеметші-минометшілер училищесінде сегіз ай оқып, тәжірибе-сынақтан өткен соң ол 1942 жылдың тамыз айында майдан даласына аттанады. Сталинград майданына түскен ол алғашқы ұрысқа 1942 жылдың 3 қыркүйегінде кіреді. 64-армия, 169-атқыштар дивизиясы, 434-атқыштар полкінің 1-батальон құрамында пулемет взводының командирі болады. Сталинград қаласын қорғау үшін болған кескілескен шайқастың ортасында болған Қ.Мәкенбаев 1942 жылдың 22 желтоқсанында ауыр жарақат алып, госпитальге түседі. Жаралы жауынгер одан әрі соғысқа жарамсыз болып, 1943 жылы елге оралады. Майданнан қайтқан Қалкен аға тылдағы еңбекке араласады. «Қызыларай» елді мекеніндегі мектепте директор, кейін Ақтоғай ауданының партия-кеңес, комсомол жұмыстарының жауапты буындарында қызмет етіп, шыңдалады. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда облыстық мәдениет басқармасының басшысы болып тағайындалады. 1986 жылы республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққанша жаңа облыстың мәдени-рухани саласын өркендетіп, дамытудағы еңбегі өлшеусіз болды. Қалкен Мәкенбайұлы Ұлытау және Ақтоғай аудандарының Құрметті азаматы атанды. Оның кеудесінде «Отан» және I дәрежелі Отан соғысы ордендері және көптеген медальдар жарқырайтын еді.

Іс-шара барысында ардагер аға туралы естеліктер айтылып, майдан әндері шырқалды.

Амандық РАХҰЛЫ



АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Сәтбаев қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейіне Ұлытау облысы Ақсақалдар Кеңесінің мүшелері қонаққа келді. Кеңес төрағасы С.Қожамсейітов бастаған ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар мұндағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясындағы «Ұрпақтар сабақтастығы» форумына қатысты.



Бұл іс-шараның Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында өтуінің де өзіндік мәні жоқ емес. Өйткені, Ақсақалдар алқасының көптеген мүшелері - соғыстан кейінгі ауыр жағдайды көздерімен көріп, бастарынан өткерген жандар.

Форумға қатысушылар мектеп-лицейдегі «Ұлытау» залындағы көрмені тамашалады. Мұнда аймақтан сыр шертетін көптеген құнды деректер, жәдігерлер жеткілікті. Оларды қонақтарға мектеп басшысы Жанар Жаманғаринаның өзі таныстырды. Ең бастысы, мұндағы көп дүниені оқушылардың өздері жасаған. «Ыбырай» залында «Даналық» мектебінің «Әжелер», «Аталар», «Ағалар», «Жеңгелер» клубтарының жұмыстары көр-

сетілді. Бұдан соң Ыбырай Алтынсариннің шағын музейін тамашалаған қонақтар мектептегі жас ұрпаққа ұлттық тәлім –тәрбие берудегі атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылық білдірді.

Іс-шара одан әрі мәжіліс залында жалғасын тауып, бала тәрбиесі төңірегіндегі әртүрлі ойлар ортаға салынды. Мектеп оқушылары ұлттық салт-дәстүрден көріністер көрсетіп, ән-күйден, биден шашу шашты.

Шара соңында Сағындық Үсенұлы ардагер ұстаз Ағайша Сәдуақасоваға Республикалық Ардагерлер Кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісін табыстады.

Ай НҰР

ҮЗДІКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Биыл елімізде тұңғыш рет «Ұлттық кітап күні» мерекеленді. Өскекен ұрпақты кітап оқуға үндеген шара барысында рухани қазынамыз кеңінен насихатталып, оқу мәдениетін қалыптастыру жолында атқарылған жұмыс аз болмады. Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында да бұл мереке аясында кітап апталығы өтіп, белсенді оқырмандарға сый-құрмет көрсетілді.

Кітап апталығы аясында жергілікті ақын-жазушылармен жүздесу, ертегілер оқу, білімділер сайыстары өтті. №25 жалпы білім беретін мектептің 2 «А» сынып оқушылары сахналаған орыстың халық ертегісі «Бауырсақ» ертегісі оқырмандар арасында зор қолдауға ие болды. Мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық қабілеттерін танытып, ертегі арқылы жақсыдан үйренуді, жаманнан жи-

ренуді үйренді. Кітапханаға келетін белсенді оқырмандар да осы апталық аясында үздіктер салтанатының қадірлі қонағы болды. «Үздік кітапқұмар жұлдызы-2025» номинациясына Абай атындағы №4 мектеп-лицейдің тарих пәні ұстазы Анар Абылай лайық деп танылды. «Ең көп оқитын отбасы» номинациясының иегері де Абай атындағы №4 мектеп-лицейдің 8 «А» сынып оқушысы Еркеназ Нұрланқызы



болды. «Оқырман отбасы» аталымын С.Сейфуллин гимназиясында оқитын ағайынды Сұңғат пен Әділет Зият жеңіп алды.

Оқырмандар арасында белсенділік жағынан зейнет жасындағы апа-әжелеріміз көш бастап отыр. Айталық, «Оқырман отбасы қуанышы» номинациясы зейнеткер А.Сатыбалдинаға бұйырса, «Үздік оқырман - 2025» номинациясына зейнеткер Зейнеш Төлегенова лайық деп танылды. Барлық белсенді оқырмандар кітапхана атынан мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айым БЕКТАС

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 722

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.